

Өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 3 мамырда № 32415 болып тіркелді.

"Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.

Н. Курмалаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2023 жылғы 28 сәуірдегі
№ 137 бұйрығымен
бекітілген

Өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және өсімдіктер дүниесін пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың ережелері мыналарға қатысты қолданылмайды:

1) ауыл шаруашылығы өсімдіктері;

2) жеке қосалқы шаруашылықты, бау-бақша шаруашылығын, саяжай құрылысын және бау-бақша шаруашылығын жүргізуге арналған учаскелерде өсетін өсімдіктер.

3. Шекаралық аймақта өсетін өсімдіктер дүниесін пайдалану, егер бұл осы аумақтардың нысаналы мақсатымен және белгіленген арнаулы режимімен үйлесім таппаса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектелуі, тоқтатыла тұруы немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жабайы өсетін өсімдіктер – өздеріне етене табиғи жағдайларда өсетін және таралатын өсімдік түрлері;

2) өсімдіктер – тамырлы, мүк тәрізді өсімдіктер, балдырлар, сондай-ақ қыналар мен саңырауқұлақтар;

3) өсімдіктер дүниесі – табиғи жағдайларда өсетін, сондай-ақ белгілі бір аумақта қолдан отырғызылған өсімдік түрлерінің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының жиынтығы;

4) өсімдіктер дүниесін пайдалану – өсімдік ресурстарын пайдалану жөніндегі заңдық тұрғыдан регламенттелген қызмет;

5) өсімдіктер дүниесін пайдаланушы – Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өсімдіктер дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

6) өсімдіктер өсетін жер – өсімдік түрінің өсуі мен дамуы үшін табиғи жағдайы бар жер учаскесі немесе су объектісі.

2-тарау. Өсімдіктер дүниесін пайдалану тәртібі

5. Қазақстан Республикасының аумағында өсімдіктер дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

1) жалпыға ортақ пайдалану тәртібімен:

өсімдіктер дүниесін жеке және үй жағдайында қолдану үшін пайдалану;
өсімдіктер дүниесін ғылыми-зерттеу, оқу, мәдени-ағарту, сауықтыру, рекреациялық, эстетикалық, туристік мақсаттар үшін пайдалану;

2) арнайы пайдалану тәртібімен:

өсімдіктер дүниесін мал шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану;
өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану.

6. Өсімдіктер дүниесін жалпыға ортақ пайдалану өтеусіз және тиісті рұқсаттарсыз жүзеге асырылады.

7. Өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем енгізілген және " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Заңда белгіленген фармацевтикалық, азық - түлік және техникалық қажеттіліктер үшін жабайы өсімдіктерді дайындау (жинау) туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) жіберілген жағдайда жүзеге асырылады.

8. Өсімдіктер дүниесін жеке және үй жағдайында қолдану үшін пайдалануды жеке тұлғалар, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдік түрлерін қоспағанда, жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де өсімдік ресурстарын жинау мақсатында жүзеге асырады.

9. Жеке тұлғалардың жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де өсімдік ресурстарын жеке және үй жағдайында қолдану үшін жинауына Заңның 28-бабына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.

10. Өсімдіктер дүниесін ғылыми-зерттеу, оқу, мәдени-ағарту, сауықтыру, рекреациялық, эстетикалық және туристік мақсаттар үшін пайдалану жабайы өсетін өсімдіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын алып қою арқылы немесе алып қоймай жүзеге асырылады және осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес өсімдіктер дүниесі мен өсімдіктер өсетін жерлерге теріс әсер етпейтін жағдайларда, өсімдіктер дүниесін пайдалануға рұқсат етіледі.

11. Халықтың жаппай демалуы мен туризмі үшін пайдаланылатын учаскелерде өсімдіктер дүниесін, табиғи ландшафттарды сақтау мақсатында жергілікті атқарушы органдар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар, су пайдаланушылар белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасына, экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес осы учаскелерді абаттандыруды қамтамасыз етуге міндетті.

12. Жайылым учаскелерінде мал шаруашылығының мұқтаждары үшін өсімдіктер дүниесін пайдалану жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің белгіленген шекті рұқсат етілген нормалары мен жайылым айналымдарының схемалары ескеріле отырып, жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Өсімдік әлемін жемшөп дайындау, шөп шабу мақсатында пайдалану Қазақстан Республикасының жер, су, орман заңнамасының және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің, су қорының, мемлекеттік орман қорының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың осы үшін арнайы бөлінген учаскелерінде жүзеге асырылады.

14. Өсімдік әлемін ара шаруашылығының мұқтажы үшін пайдалану ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және өзге де жерлерде олардың меншік иелерімен және жер пайдаланушыларымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының жер, орман заңнамасына және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы, ара шаруашылығы саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану түрлеріне Заңның 31-бабының 1-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен лимиттер шегінде жүзеге асырылатын, жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану және қайта өңдеу өнімдерін алу үшін оларды дайындау (жинау) жатқызылады.

16. Өсімдік ресурстарын пайдалану лимиттері оларды ұтымды пайдалану мақсатында белгіленеді.

17. Өсімдік ресурстарын пайдалану лимиттері уәкілетті орган аккредиттеген мамандандырылған ұйымдар жүргізетін ресурстық зерттеп-қараулар негізінде айқындалады және оларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ресурстық зерттеп-қарау материалдарында айқындалған мерзімге бекітеді.

18. Фармацевтикалық қажеттіліктер үшін жабайы өсетін дәрілік өсімдіктерді дайындау (жинау) олардың популяциялары мен қауымдастықтарының, сондай-ақ

олардың өсетін жерлерінің сақталуын қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырылады.

19. Бір қопадағы фармацевтикалық қажеттіліктер үшін жабайы дәрілік өсімдіктерді қайта дайындауға (жинауға) олар толық қалпына келтірілгеннен кейін ғана жол беріледі.

Бұл ретте бір жылдық өсімдіктердің гүлшоғырларын және басқа да жер үсті органдарын бір қопада екі жылда бір реттен жиі емес, көпжылдық өсімдіктердің жер үсті органдарын – төрт – алты жылда бір рет және олардың жер асты органдарын – дәрілік өсімдіктің түріне және географиялық жағдайларына байланысты он екі – жиырма жылда бір реттен жиі емес дайындауға (жинауға) жол беріледі оның өсуі.

20. Азық-түлік қажеттіліктері үшін өсімдік әлемін пайдалану түрлеріне өсімдік ресурстарын: жемістерді, жидектерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, сондай-ақ тамақ өнімдерін өңдеу және өндіру үшін пайдаланылатын жекелеген өсімдіктерді, олардың бөліктері мен туындыларын дайындау (жинау) жатады.

21. Өсімдік әлемін техникалық қажеттіліктер үшін пайдалану түрлеріне өнеркәсіптік өңдеу, құрылыс және орау материалдарын, тотықтырғыштар мен бояғыштарды, утилитарлық мақсаттағы бұйымдарды, кәдесыйларды және өзге де мақсаттарды өндіру үшін пайдаланылатын жабайы өсімдік ресурстарын дайындау (жинау) жатады.

22. Өсімдіктер дүниесін пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері Заңның 7-бабында белгіленген.

23. Фармацевтикалық, азық-түлік және техникалық қажеттіліктер үшін жабайы өсімдіктерді дайындауды (жинауды) жүзеге асыруға жолданған жағдайда жол беріледі.

24. Хабарламаны жеке және (немесе) заңды тұлғалар осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

25. Хабарлама қызметті жүзеге асырудың болжамды күніне дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жіберіледі.

26. Хабарламаға қоса беріледі:

1) жер учаскесі, жабайы өсімдіктерді дайындау (жинау) көлемі мен кезеңі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер;

2) жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жабайы өсімдіктерді дайындауға (жинауға) немесе құқық белгілейтін құжатқа келісуі;

3) ресурстық зерттеу материалдары;

4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қос ғанда, өсімдік әлемін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеу туралы түбіртек.

27. Хабарламаны қабылдауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары он жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыруға келісімді не дәлелді бас тартуды ұсынады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары дәлелді бас тартуды ұсынған жағдайда, қызмет бас тарту негіздері жойылған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Өсімдіктер дүниесін
пайдалану қағидаларына
қосымша

Нысан

Фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық қажеттіліктер үшін жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау) туралы хабарлама

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 05.06.2025 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. _____

(мемлекеттік органның толық атауы)

2. Осы арқылы _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі) Фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық қажеттіліктер үшін жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау) туралы хабарлайды.

3. Заңды/жеке тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы _____

_____ (пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (стационарлық үй-жай))

4. Электрондық пошта _____

5. Телефон нөмірлері _____

6. Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(а) _____

_____ (пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, учаске)

7. Хабарламаға мыналар қоса беріледі:

1) жер учаскесі, жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау) көлемі мен кезеңі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер;

2) жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жабайы өсетін өсімдіктерді дайындауға (жинауға) келісімі немесе құқық белгілейтін құжат;

3) ресурстық зерттеп-қарау материалдары;

4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төленгені туралы түбіртек.

Күні _____ Қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК